

**Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 қазандағы № 27/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 31 қазанда № 2411 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 4 тамыздағы № 28/4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 04.08.2016 № 28/4 қаулысымен.**

Халықты жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасы меншік нысанына қарамастан Приозерск қаласы мекемелері, ұйымдары және кәсіпорындарында жұмыс орындарының жалпы санының 1 (бір) пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Қала мекемелері мен ұйымдары, кәсіпорындарының басшылары белгіленген квотаға сәйкес қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының санын бөлсін.

3. Приозерск қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 33/1 "Интернат ұйымдарының жасы кәмелетке толмаған түлектерін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне 2011 жылғы 5 қазанда № 8 -4-244 болып тіркелген, "Приозерский вестник" газетінің 2011 жылдың 7 қазанында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің

орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласының әкімі

К. Камзин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК